

**МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ
КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІНІҢ
ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Егенисова А.Қ.
Едилова Н.И.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: almazhai66@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп мұғалімдерінің коммуникативті құзіреттілігінің психолінгвистикалық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, «кәсіби құзіреттілік», «құзіреттілік» терминдеріне сипаттама беріледі. Кәсіби құзіреттіліктің құрамды бөліктері: а) кәсіби педагогикалық және психологиялық білімдері; ә) кәсіби – педагогикалық іскерліктері; б) мамандығына қажет ететін мұғалімнің кәсіби психологиялық позициясы, ұстанымдары; в) мұғалімнің кәсіби білім мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері туралы сөз болады.

Сонымен қатар, кәсіби құзіреттіліктің түрлері: практикалық (арнайы) құзіреттілік; әлеуметтік құзіреттілік; психологиялық құзіреттілік; ақпараттық құзіреттілік; коммуникативтік құзіреттілік; экологиялық құзіреттілік; валеологиялық құзіреттілік туралы да айтылады.

Кәсіби құзіреттіліктің іскерліктері: педагогтың танымдық (гностикалық) іскерлігі; педагогтың конструктивтік (құрастыра білу) іскерлігі; педагогтың қарым-қатынас (коммуникативтік) іскерлігі; педагогтың хабарлау (информациялық) іскерлігі; педагогтың ұйымдастырушылық іскерлігі; педагогтың зерттеушілік іскерлігі; педагогтың проактивтік іскерлігі; педагогтың рефлексивтік іскерлігі сияқты түрлері сипатталынған.

Түйінді сөздер: құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, құзырет, іскерлік, педагог, мұғалім, психолінгвистика, мектеп.

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуші педагог қауым, ал қазіргі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуші педагог тұлғасына қойылатын талаптарда орасан зор. «Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогы» үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «жаңа формация педагогы – бұл рухани-адамгершілік, белсенді – саналы, өздігінен дамуға және өздігінен жүзеге асыруға қабілетті, әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік-тұлғалық, коммуникативті құзіреттілігі қалыптасқан жоғарғы деңгейдегі шығармашыл тұлға» деп педагогикалық жоғары оқу орындарына болашақ педагогтарды дайындауда бұл талаптарды ескеруді міндеттейді [1]. Олай болса жас ұрпақты тәрбиелеуші жаңашыл идеяларға сай жаңа ғасыр мұғалімі бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі іс-әрекетте табысты жүзеге асыра алатын, өзін-өзі жан-жақты дамытуға дайын, шығармашыл, кәсіби құзіретті тұлға болып сипатталуда. Осындай маңызды құзырлықтардың бірі – коммуникативті құзыреттілік. Оқу тәрбие процесі екі жақты, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын ұйымдастыру – педагог мамандардың кәсіби коммуникативті құзыреттілігі. Тұлғаға бағдарлы тұғырдың аясында тұлғаны дамыту қазіргі таңда құзыреттілік ұғымымен байланысты болғандықтан, құзыреттілік тұғыр тұрғысынан мәнін ашуды қажет етеді.

«Құзыреттілік тұғыр – мұғалімдердің кәсіби – педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелілігі және жоғары деңгейде кепілдік болуы арнаулы, жалпы және негізгі құзыретті белгілеу негізінде білім алушыларды дайындау үдерісінің мақсатын белгілеу, мазмұнын таңдау, ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету» [2].

Дегенмен, қазіргі таңда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі сөз болса, мұғалім шеберлігі мен қатар заман талабына сай қажетті көптілді тұлға және тілдік қатынастағы ерекшеліктерді де талап етеді. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды, яғни, психолингвистикалық ерекшеліктерді. Тіл ғылымының қазіргі даму кезеңіндегі тілдік жүйені, тілдің коммуникативті қызметі, тіл мен адам факторы арасындағы, тіл мен қоғам арасындағы байланыс аспектісінде зерттеуге айрықша назар аударылып отыр. Тілдік жүйені тілдің коммуникативті қызметіне негіздей зерттеу психолингвистика, когнитивті лингвистика, функционалдық лингвистика, прагматикалық лингвистика саласында қарастыратыны белгілі.

Қазақстанда психолингвистикалық зерттеулер ХХ ғ. 60-жылдарынан бастап қолға алынды. Бұл жерде М.М.Мұқанов, А.А.Залевская, М.М.Копыленко, Б.С.Мунчик т.б. еңбектерін атап өткен жөн. Нақтылап атап айтқанда, қазақстандық психолингвистика мынадай бағыттар бойынша дамып келеді: екінші тілді меңгерудің психолингвистикалық қыры (Л.В.Екшембеева, И.Г.Жоламанова, Ж.А.Нұршайықова, Г.Е.Утебалиева), билингвизм жағдайында балалар тілінің даму ерекшеліктері (А.К.Шаяхметова, И.Винницкая), сөйлеу қатынасының және этнопсихолингвистиканың, тілдік сананың ұлттық-мәдени ерекшелігі (Г.Б.Мәдиева, Б.А.Ахатова, А.М.Ерімбетова, Ш.К.Жарқынбекова, Ж.Қ.Ибраева, Ұ.Е.Мұсабекова, А.Д.Сейсенова, М.П.Ешімова, Р.С.Әмренова), психолингвистиканың бұрын зерттелмеген – сөйлеу патологиясы, сөйлеудегі қателер және т.б. секілді қырлары бойынша әртүрлі зерттеулер жүргізілуде [3]. Сонымен қатар қазіргі қоғамда коммуникация әртүрлі сапада көрінетіндігі белгілі: бұл ақпаратты жеткізу, эмоциялармен өзара алмасу, тәжірибе, оқу, әлеуметтену трансляциясы. Коммуникацияның маңызды ерекшелігі оның әлеуметтік-реттеуші және әлеуметтік-құрастырушы фактор болып табылады.

Алайда қазіргі уақытта өз шешімін таппай отырған бірнеше мәселелер бар. Тілдік тұлға өзінің айқын көрінісін тұлғааралық қарым-қатынаста табады. Тілдік құзырет, яғни қайсыбір тілдік кодты білу, оның көмегімен коммуникаттар ақпарат алмасады. Тілдік құзыретті және тілдік ерекшеліктерге бай тұлғаны қалыптастыру қазіргі педагог мамандардың қолында, сол себептен мектеп мұғалімдерінің коммуникативті құзыреттілігінің психолингвистикалық ерекшеліктерін ізгілендіру міндеті қойылып отыр.

Қазақстандағы білім алушыларды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен Қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығының арттыру үшін ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойынша мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілуі керек. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаналықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Олай болса жаңашыл идеяларға сай жаңа ғасыр мұғалімі бәсекелестікке қабілетті, өзін-өзі іс-әрекетте табысты жүзеге асыра алатын, өзін жан-жақты дамытуға дайын, шығармашыл, кәсіби құзыретті тұлға болып сипатталуда. Ал енді «кәсіби құзыреттілік ұғымы дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздер болсақ.

Бүгінгі күні «кәсіби құзыреттілік» ұғымы жеке тұлғаның кәсіби деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерімен, практикада тиімді қолдана алуымен анықталады. Дегенменде «құзыреттілік» ұғымы ғылыми айналымға жаңадан енген, терең зерттелу үстіндегі ұғымдар болғандықтан, олардың анықтамасы да әр зерттеушілермен әр-түрлі берілуде. Ең алдымен «құзыреттілік» сөзінің мағынасын қарастырайық.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттер деген түсінік берді. «Құзыреттілік» ұғымы белгілі бір салада білгір, білікті, өзінің білімімен қандай да бір нәрсені шешуге немесе жасауға құқылы деп көрсетілген [4].

Біздің Отандық білім беру саласындағы құзыреттілік бағыт Қазақстандық Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында және мемлекеттік бағдарламасында кеңінен талқыланған. Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында құзырет ұғымы (лат.competentia-жетемін,лайықпын) екі мағынада түсіндіріледі:

- заңмен, жарғымен немесе өзге құжатпен берілген өкілеттіліктер шеңбері.
- белгілі бір саладағы білім, тәжірибе, біліктілік [5].

Сонымен қатар ғалым Ғ.Ғ.Мұсабаевтың орысша-қазақша сөздігінде «компетентность - хабардарлық, жеке білушілік; компетентный – хабардар, жетік, терең білетін» дей келіп, автор «құзырет» түсінігінің екі мағынасы бар екеніне назар аударады: оның біріншісі – хабардарлық, екеншісі – заң саласының термині ретінде міндет, қызмет бабы дегенді білдіреді. «Құзырет» ұғымының қазақ тілінде басқа да аудармалары орын алуда. Мысалы, Р.Ғ.Сыздықова, К.Ш.Құсайыновтың қазақша-орысша сөздігінде «құзыр – подчинение, непосредственное ведение, құзырет; құзырлық- ведение, руководство» деп аударылса, қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр, білік - құзырет» деп аударылады. Көптеген әдебиеттерде құзырет-нақты пәнге қатысты белгілі бір іс-әрекеттің жиынтығын меңгеруді білім беру нәтижесі ретінде М.Ж.Жадрина, Г.З.Байжасарова, С.Д.Мұқанова, К.С.Құдайбергенова, С.Т.Мұхамбетжанова, М.А.Ғалымжанова сияқты Қазақстан ғалымдарының араласуымен белсенді түрде талқыланды [6].

Ал орыс ғалымдары В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова т.б. еңбектеріне сүйенсек «Құзыреттілік – бұл білімді, іскерлікті қолдану қабілеті, оқу міндеттерін шешуде тәжірибе негізінде стандарттан тыс жағдайда адамның табысты нәтижелі әрекет ету қабілеті» деп басшылыққа алады [7]. А.С.Белкин құзыреттілік деп, «құзыреттілікті тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, жеке тұлға сапаларының жиынтығы» ретінде түсіндіреді [8]. К.Ж.Аганина құзыретті болашақ маман дайындауға қатысты «өзінің ішкі және сыртқы ресурсын іс-әрекетінде табысқа жетуде іске асыра алуы» деген. Осы тұста құзыреттілік мәселесімен айналысып жүрген ғалым М.Ж.Жадрианың пікірінше, білім жүйесінің соңғы нәтижесі – білім алушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары ғана емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып, дамытылатын өмірлік дағдылар, құзыреттіліктер деген пікір білдірген [9]. Сонымен, авторлар бұл ұғымдарды қолдануда оларды былайша ажыратады: құзырет – тұлғаның білімі дайындығына алдын-ала қойылатын талап, ал құзыреттілік – оның қалыптасқан тұлғалық сапасының қасиеттер жиынтығы.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымы мен анықтамасын нақтылап жүйелеп алсақ, ендігі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің мәнін қарастырайық. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін анықтауда көптеген зерттеушілердің көзқарастары мұғалім іс-әрекетінің бір қырымен байланыстырылып қарастырылады. Мысалы, Н.В.Кузьмина педагогикалық іс-әрекет негізінде құзыреттілікті «тұлғалық қасиет» деп қарастырса, Л.А.Петровская коммуникативтік құзырттілік мәселесіне, М.В.Прохорова басқарушылық құзыреттілікке көп көңіл аударған. Ал А.К.Маркованың еңбектерінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі арнайы жан-жақты зерттеу пәніне айналған. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамында төмендегідей 4 бөлікті ажыратып қарастырады:

- а) кәсіби педагогикалық және психологиялық білімдері;
- ә) кәсіби – педагогикалық іскерліктері;
- б) мамандығына қажет ететін мұғалімнің кәсіби психологиялық позициясы, ұстанымдары;
- в) мұғалімнің кәсіби білім мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін тұлғалық ерекшеліктері [10].

Құзыреттілік тұрғыдан оқыту барысында басты назар білім беру нәтижесіне, оның тұрақтылығына, оның өлшемдеріне аударылады. Бұл бағытта тұлғаның дербестігі, өз беттерінше жұмыс істей алулары ескеріледі. Көптеген ғалымдардың пікірінше мамандардың кәсіби құзыреттілігі мынандай түрлерге бөлінеді:

- практикалық (арнайы) құзыреттілік;
- әлеуметтік құзыреттілік;
- психологиялық құзыреттілік;
- ақпараттық құзыреттілік;
- коммуникативтік құзыреттілік;
- экологиялық құзыреттілік;
- валеологиялық құзыреттілік [11].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ішкі және сыртқы имиджін толықтырып, қалыптастырады. Бұл жерде талқыланып өткен құзыреттілік түрлерінен толық аңғарамыз. Мұғалім жас ұрпақта оқыту, тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі жоғары болуы үшін педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруы тиіс. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрлымы оның негізгі іскерліктері арқылы қарастырылады.

Ендігі жерде кәсіби құзыреттілікпен ұштастырылып отырған педагог маманының іскерлігін қарастып өткен жөн.

Педагогтың танымдық (гностикалық) іскерлігі. Бұл компонент мұғалімнің танымдық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіндігін, өз пәнін терең білуін, өзін-өзі танып білуін қамтиды және маман еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет.

Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, кез келген жағдайда жол таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасау, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты дағдылардың болуы қажет. Бұл сапалар адамның үнемі жаттығу, өзін-өзі тәрбиелеу, оқу, білім алу, еңбек ету процестері барысында тұтас қалыптасады.

Педагогтың конструктивтік (құрастыра білу) іскерлігі. Бұл іскерлік оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктей алумен, оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретімен ұйымдастыра білумен сипатталады. Бұл іскерлікті меңгеру үшін интеллектуалдық іскерлік қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алын-ала ойластыру, салыстыру, болжау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан конструктивтік іскерлік танымдық іскерлікпен ұштасып жататын қасиет.

Педагогтың қарым-қатынас (коммуникативтік) іскерлігі. Бұл іскерлік мұғалімінің адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Бұл іскерлікті қалыптастыру үшін алдымен адам басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзіне де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп оң шешім таба білу маңызды. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, басқалармен тез араласа алатын жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады.

Педагогтың хабарлау (информациялық) іскерлігі. Бұл іскерлік аса маңызды педагогикалық іскерлік болып бөлінеді және көбінесе қатынас құралы ретінде қабылданады. Себебі қарым-қатынас хабарлау материалынсыз іске асуы мүмкін емес. Хабарлау іскерлігінде мұғалімнің дауысты үйлестіре білуі, көңіл-күй сезіммен сөйлеуі, сөздің құдіретті күшін және дауыс үнін, бет қимылдар ерекшеліктерін меңгере білуі талап етіледі. Оқу-тәрбие процесінің негізгі міндеттерін тиімді шешудегі мұғалімнің сауатты сөйлеуі, қызықтыра әңгімелесуі, көрнекіліктерді қарастыра отырып түсіндіруі, ашық

пікірлесуі, оқушыны тыңдай алуы, сұрақ-жауап тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін өзіне аударта алуы әсіресе жас мұғалімдер үшін өте маңызды қасиеттер. Жас мамандарға бұндай қасиеттерді қалыптастыру үшін арнайы жаттығу қажет.

Педагогтың ұйымдастырушылық іскерлігі. Бұл іскерлік мұғалім еңбегінен ажырамайтын, бөлінбейтін, үнемі қатар жүретін тұтас педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл іскерліктің өзіндік ерекшеліктері бар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмыстың орындалуын талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты қортындылау, бағалау, есеп беру, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау, басқаларды бір іске жұмылдыра алу іс-әрекеттерінен құралады.

Педагогтың зерттеушілік іскерлігі. Зерттеушілік іскерлік мұғалімнің әрбір әлеуметтік-педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауын, ғылыми болжам жасай алуын, жобалау және эксперимент жүргізе алуын, жоспарлауды, сонымен қатар озық тәжірибені де, өзінің тәжірибесін де жинақтай білуін, оларға теориялық, практикалық талдау жасай алуын және мектеп өміріне енгізе білуін қамтиды.

Педагогтың проективтік іскерлігі – оқыту және тәрбие процестерінің перспективалық міндеттерін түсіне отырып оған жетудің стратегиялары мен тәсілдерін меңгергендігі. Мұғалімнің оқыту және тәрбиелеу процесінің жаңа жобасын құрастырып, оны іске асырудың тәсілдерін негіздеуі, бұл жобаның орындалуында ата-аналардың, оқушылардың қатысуын қарастыруы, қоғаммен байланыстылығын, әлеуметтік маңыздылығын түсінуі маңызды болып есептеледі.

Педагогтың рефлексивтік іскерлігі. «Рефлексия» деген сөз адамның өз іс-әрекеттерін, психикалық жағдайларын талдап, ой елегінен өткізу деген мағынаны білдіреді. Педагогтың өз іс-әрекеттерін бақылап бағалауы, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің тиімділігін талдауы, өзін басқалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттілігін түсінуі.

Аталмыш іскерліктер педагог маманның күнделікті жұмыс барысында қолданып отыратын шеберлігі. Бұл шеберліктер педагогтың білім, біліктілігімен тығыз байланыста. Демек педагогтың кәсіби құзыреттілігін оның іскерлігімен де анықталатындығын байқаймыз [12].

Жаңа педагогикалық парадигма бойынша қазіргі стандарттардың өзінде «білім, білік, дағды» ретінде қарастырылған білім беру нәтижелерінің орнына құзыреттілікті қалыптастыру өмір талабына сай тұлғаның әлеуметтенуін, өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ететін білім беруден күтілетін нәтиже ретінде қарастырылуда.

Сонда құзыреттілікті білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаның өзіндік дамуын жүзеге асырып, өмір сүруге қажетті өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік еретін, құзырлыққа жеткізуде күтілетін түрлі нәтиже деп қарастыруға болады.

Жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттарының құзыреттілік форматында жасалуын зертту барысында құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашуда оның үш түсініктемесін атап көрсетілді.

Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілетті (даралығы) мен ынталылығы (мотивациялық аспект);

Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесін іске асыра алу қабілеті (когнитивтік аспект);

Өз іс-әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінігі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін ұғынуы (құндылық аспект) [13].

Сонымен, осы түсініктемелердің негізінде құзыреттілік деп әлеуметтену және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттеріне байқалатын интегралды қасиетін түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» Мұғалімнің ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік

арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады.

Мұғалім мамандығының тұлғалық сапасы оның кәсібилігінен алшақтанбайды. Кәсіби дайындық процесінде білім, дағды, ойлау қабілеті, ісәрекет әдістерін арнайы алумен байланысты жүре пайда болған құзыреттіліктерді де есепке алады. Оның ішінде: пәнді оқыту, пәнді оқыту әдістемесі, психологиялық шеберлікті меңгеру, педагогикалық техниканы игеру, қарым-қатынас технологиясын, шешендік өнер және басқа да қасиеттерді меңгеру керек.

Өзінің кәсіби еңбегіне деген сүйіспеншілік сапасын меңгеруде мұғалім келесі ұстанымдарды басшылыққа алу керек:

- өз-өзіне сенім-бұл өмірдің негізі;
- педагогтың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби рефлексия, өзін-өзі тану және өзін өзі дамытуға қабілеті;
- балалардың өзін өзі көрсетулерінің алуан түрлілігіне дене және сөз реакцияларының вареативтілігімен жауап беру қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруді, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- жарқындылық және балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, жан жүрегімен қызмет етуге дайындылығы [14].

Осындай педагогикалық қабілеттіліктер әр педагогтың тұлғалық әлеуеті мен мүмкіндіктеріне сай қалыптасып, кәсіптік іс-әрекет барысында өзін өзі жетілдіру жолдарын анықтайды. Сондықтан әр мұғалімнің бейімі мен икеміне қарай қалыптасатын, педагогикалық, әлеуметтік аспектілер тұрғысынан қарастыру мұғалім бойында қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіруге ықпал етеді.

Көптеген анықтамаларды салыстырып талдау негізінде «кәсіби құзыреттілік» ұғымына байланысты зерттеушілердің көзқарастарында бір ортақ пікірлер байқаладығын атап өткен болатынбыз. Салыстырмалы түрде талданған тағы басқа анықтамалар негізінде кәсіби құзыреттіліктің екі тұрғыдан қарастырылуын аңғарамыз:

біріншіден, көптеген зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті мамандардың даярлық деңгейлерімен байланыстырады;

екіншіден, ғалымдар кәсіби құзыреттілік маманың тұлғалық қасиеттерімен байланыстырып зерттейді.

Осыдан келіп, педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маман үшін маңызы зор екендігін және оның тұлғалық қасиеттерімен қатар іскерлігінің қалыптасуын қазіргі заман талабы қажет ететіндігін аңғардық. Жоғарыда аталып өтілген педагог үшін қажет тұлғалық қасиеттер мен іскерліктер түрлі ғалымдармен зерттеліп, іріктеліп өтілді. Зерттеу барысында бұл бөлімде «құзырет, құзыреттілік» ұғымымен қатар «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» ұғымының мәні ашылып жүйеленді. Ендігі қарастырып өтетін мәселеміз педагог қауымы үшін қажет деп табылатын коммуникативті құзыретті тұлғаның психолінгвистика нысаны ретінде. Бұл туралы біздің зерттеулеріміздің келесі сұрағында баяндалады.

Кәсіби педагогикалық құзыреттілікті үнемі жетілдіріп отыруда, мұғалім өз білімін дамытуда әрі шеберлігін шыңдауды, білімнің жаңалықтарын тез меңгеріп, оны өз қызметінде іске асыруды қажет етеді. Кәсіби құзыреттілікті дамыту ақпараттық қамтамасыз етілумен байланысты, яғни, жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеттілігімен анықталады. Яғни, мұғалім сөзі – ақпарат таратушы құралы ретінде жүзеге асады. Бір сөзбен айтқанда, оқушыға да, ата-анаға да мұғалім сөзі – екі жақты ортақ тәрбие мәселесінде негізгі әсер етуші құрал. Психолінгвистикалық ерекшеліктер туралы сөз болғанда ең алдымен маңызды құрал – сөз болып табылады. Мұғалімнің сөзі өткір, жалынды, бейнелі, жарқын интонациялы, көркем эмоциялы, дауыс (дикция) ырғағы жағымды, стилистикалық, грамматикалық, фонетикалық ақаулардан таза болуы шарт. Мұғалімдік құзырлықтың маңызды элементі – сөйлеу қабілеті дегенбіз. Педагог сөзі –

тәрбиеленушінің жан-дүниесіне әсер етудің ешкім де, ештеңе де алмастыра алмайтын құрал. Тәрбие беру өнері ең алдымен сөйлей білу өнерін қамтиды.

Жоғарыда сөз болып отырған психолінгвистикалық ерекшеліктерді мұғалім тұлғасында қалыптастыру, ол мұғалімнің шеберлігі мен техникасының жемісті болуына әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының жаңа формация педагогы үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы.
2. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті ұстаздарды даярлау негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 188 б.
3. Қожахметова К.Ж. Базовые компетенции личности как цели образования на национальном уровне (осмысление в контексте концепции «Образование, ориентированное на результат») //Материалы по проблемам реформирования системы среднего общего образования в контексте концепции развития образования в РК до 2015 года / под ред. Қ.Т. Арынов. – 2014. – 35-42 б.
4. Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе. Оқу құралы. – Алматы. – 205 б.
5. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. - №5. – 34-42 б.
6. Мұханбетжанова Ә.М. Компетенции в профессиональном образовании //Бастауыш мектеп. - №4. – 65-68 б.
7. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында: Әдістемелік құрал. – 2006. – 264 б.
8. Мұқанбетова Ш.Т. Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары //Ұлт тағылымы. – 2008. – 15-20 б.
9. Ғалымжанова М.А. Мұғалімдердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Атырау, 2008. – 29 б.
10. Кенжебеков Б.Т. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің теориялық-әдіснамалық негіздері //Мектепте құзыреттілік білім беруді енгізу жағдайында педагог кадрларды дайындау: халықаралық ғылыми-практ. конференциясының еңбектері. – Тараз, 2006. – 56-59 б.
11. Жиенбаева С.Н, Бұзаубақова К.Ж. Мектепке дейінгі ұйым әдіскері жұмысы. – Алматы, 2016 - 62б.
12. Дүйсенбаева А.К. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы, 2015 - 112б.
13. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 36 б.
14. Петрова Е.А. Жесты в педагогическом процессе. Учебное пособие. – М.: 1998. – 29 б.

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЕЙ ШКОЛЫ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Едилова Н.И. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье дается анализ работ ученых, изучивших психолінгвистические особенности коммуникативной компетенции учителей школы, дается характеристика терминов «профессиональная компетентность», «компетентность». Составными частями профессиональной компетенции являются: а) профессиональные педагогические и психологические знания; б) профессионально – педагогические умения;

в) профессионально-психологическая позиция, позиции учителя, требующие профессии; в) личностные особенности, обеспечивающие овладение учителем профессиональными знаниями и умениями.

Также речь идет о видах профессиональной компетентности: практическая (специальная) компетентность; социальная компетентность; психологическая компетентность; информационная компетентность; коммуникативная компетентность; экологическая компетентность; валеологическая компетентность.

Охарактеризованы такие виды профессиональной компетентности, как: познавательные (гностические) умения педагога; конструктивные (умение конструировать) умения педагога; коммуникативные (коммуникативные) умения педагога; коммуникативные (информационные) умения педагога; организационные умения педагога; исследовательские умения педагога; проективные умения педагога; рефлексивные умения педагога.

Ключевые слова: компетентность, профессиональная компетентность, умение, педагог, психолингвистика, школа.

PSYCHOLINGUISTIC FEATURES OF THE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF SCHOOL TEACHERS

Yegenissova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Edilova N.I. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the works of scientists who have studied the psycholinguistic features of the communicative competence of school teachers, describes the terms "professional competence", "competence". The components of professional competence are: a) professional pedagogical and psychological knowledge; b) professional and pedagogical skills; c) professional and psychological position, positions of a teacher that require a profession; c) personal characteristics that ensure the teacher's mastery of professional knowledge and skills.

We are also talking about the types of professional competence: practical (special) competence; social competence; psychological competence; information competence; communicative competence; environmental competence; valeological competence.

The article describes such types of professional competence as: cognitive (gnostic) skills of a teacher; constructive (ability to design) skills of a teacher; communicative (communicative) skills of a teacher; communicative (informational) skills of a teacher; organizational skills of a teacher; research skills of a teacher; projective skills of a teacher; reflexive skills of a teacher.

Key words: competence, professional competence, skill, teacher, psycholinguistics, school.

